

Ж.Ә. Аймұхамбет¹, Р.Р. Нұрғали^{2*}

^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(*e-mail: a_zhanat@mail.ru, nurgalir_999@mail.ru)

Лирикадағы «жалғыздық» коды (Гете-Лермонтов-Абай өлеңдері негізінде)

Мақалада лирикадағы «жалғыздық» ұғымы код түрінде қарастырылып, жалғыздық феноменінің поэтикалық және семиотикалық мәні назарға алынады. Бұл бағыттағы зерттеу неміс поэзиясының көрнекті өкілі И.В. Гёте, орыс әдебиетінің романтизм дәуіріндегі ірі тұлғасы М.Ю. Лермонтов және қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбайұлы шығармаларына талдау арқылы жүзеге асырылды. Аталған ақындар өлеңдеріндегі «жалғыздық» ұғымын зерделеуде философиялық-лирикалық бейнелеулердің маңызды рөлі түсіндіріледі. Жалғыздықтың лирикадағы көркем код ретінде алатын орнын ашып, оның универсал мағынаға ие екендігін көрсетіледі. Бұл ұғым тек белгілі бір дәуір немесе мәдениетке тән емес, керісінше адамзаттың жалпы рухани тәжірибесін бейнелейтіндігі дәйектеледі. Лирикалық поэзияда жалғыздық ұғымы арқылы тұлғаның шынайы болмысы, ішкі толғаныстары мен рухани ізденісі көрініс табатыны дәйектеледі. Жалғыздық — поэзияның мәңгілік тақырыптарының бірі ғана емес, сонымен бірге адамның рухани кемелденуінің кілті екендігі туралы тұжырым жасалады. Гете-Лермонтов-Абай өлеңдеріндегі жалғыздық код ретінде көркем бейнелеудің өзегінде тұрғаны айқындалды. Сондай-ақ әр ақынның ішкі рухани әлемі мен сол дәуірдегі қоғамдық ахуалдың бір-бірімен байланысы, қайшылықтары сараланады. Салыстыра талдау, структуралық-семиотикалық тұрғыда зерделеу арқылы әдеби-теориялық тұжырымдарға қол жеткізіледі. Авторлар жалғыздық категориясының әр ақында өзіндік қырынан көрінетінін, алайда олардың бәрінде де бұл ұғым тұлғаның ішкі әлемін танытатын әмбебап рухани тәжірибе ретінде орын алатынын айқындайды. Мақалада жалғыздықтың адамның шынайы болмысын ашатын маңызды көркемдік механизм екені көрсетіліп, оның поэзиядағы код ретіндегі қызметі нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Гёте лирикасында жалғыздық романтизм эстетикасымен сабақтас ішкі арпалыс пен рухани ретінде көрінеді. Романтизм эстетикасы тұрғысынан жалғыздық тұлғаның шығармашылық ізденісіне, табиғатпен үндесуіне, қағамнан оқшауланып, өзін-өзі тануына мүмкіндік береді. Ақын табиғатпен үндесуге, әлеммен үйлесім таба алмаудан дүниеге келген күйзелісті бейнелеуге ерекше мән береді. Гётенің жалғыздығы оның өзінің ішкі «менін» іздеудің, адам мен қоғам арасындағы қақтығыстың бейнесін көрсетеді. Лермонтов поэзиясында жалғыздық еркіндікке ұмытылған рухтың белгісі ретінде сипатталады. Оның лирикалық кейіпкерлері қоғаммен, тағдырмен, кейде өз-өзімен күрес жолында жалғыз қалады. Бұл жалғыздық трагедиялық мазмұнға ие болып, адамның мән іздеу жолындағы экзистенциалдық саяхатын бейнелейді. Лермонтов үшін жалғыздық еркін рухтың тынымсыз ізденістің және қоғаммен келісе алмайтын тұлғаның көркем бейнесі. Абайдың жылғыздығы өзінің болмысына терең үңілуге, жалғандықтан арылуға жетелейтін рухани тәжірибе деп түсіндіреді. Оның лирикасында жалғыздық — қоғамнан бас тарту емес, адамдық шындықты іздеу жолындағы саналы таңдау. Абайдың еңбектерінде бұл — сопылық ойлаумен сабақтасқан рухани рефлексия, қоғамдағы әділетсіздікке жауап ретінде туған интеллектуалдық жалғыздық. Мақалада үш ақын поэзиясындағы жалғыздық феноменінің көркемдік қызметі айқындалып, оның лирикадағы әмбебап поэтикалық код ретіндегі орны теориялық тұрғыдан дәлелденеді.

Кілт сөздер: лирика, жалғыздық, код, бейнелеу, символика.

Kipicne

Әдебиет — адам жан-дүниесінің айнасы, ал лирика — сол ішкі ең нәзік иірімдерін ашатын терең поэтикалық әлем. Лирикалық поэзияда адамның ішкі рухани ахуалы, күйзелісі, үміті мен күдігі, жан жалғыздығы мен құлазуы секілді күрделі сезімдер бейнеленетіні белгілі. Бұл құбылыстар адам болмысының әмбебап қырларын көрсетеді.

Жалғыздық — бұл әлеуметтік жетіспеушілік сезімінен туындайтын күйі адам қарым-қатынасы [1; 10]. Жалғыздықтың барлық дерлік теориялары жалғыздық әлеуметтік кездесу мотивін тудырады деп мәлімдейді [2]. Осылайша, бұл әлеуметтік байланыстардың саны туралы ғана емес, бірақ олардың сапасы да, қарым-қатынастың сапасы да қарым-қатынастың өзінен гөрі жалғыздықтың күшті болжаушысы [3]. Жалғыздық бұл адамдардың арақашықтықтың болуының

* Хат-хабар үшін автор.e-mail: nurgalir_999@mail.ru

нәтижесінде болатын адамның күйі, әлеуметтік тапшылықтың субъективті тәжірибесі. Бұл құбылыс әлеуметтік байланыстарды іздеуге және саналы түрде оқшаулануды әкеліп соғады. Қарым қатынастардың сапалы болуына немесе жалғыздықты бірінші қатарға қоюға әкеп соқтырады.

Зерттеуші М.А. Юрченко өзінің «Жалғыздық пен оқшаулану» еңбегінде ойшылардың жалғыздыққа деген мәселеге қызығушылықтары әдеби шығармаларда бұл ұғымның интерпретациялануына әкелгенін көрсетті. Мұндай шығармалар — автордың өзіндік «жалғыздығының» нәтижесі, яғни автордың оқшаулануы нәтижесінде оның «нағыз мені» қалыптасады [4; 45].

Норвегиялық философ, жазушы Ларс Свендсен өзінің «Жалғыздық философиясы» еңбегінде эмоцияның нәзіктігі күнделікті тілде ненің сезім екенін, ненің болмайтынын ажырата алмайтынын атап өтеді, сондықтан таңданыс, жалғыздық және эстетикалық тәжірибенің қаншалықты дәрежеде сезім екендігі толық түсініксіз, ал қорқыныш, ашу және қызғаныш, кәдімгі көзқарас тұрғысынан, айқын тұрғыдағы сезімдер, қарым-қатынастар екенін атап көрсетеді [5; 75].

Батыс пен Шығыс поэзиясының көрнекті өкілдері шығармаларында «жалғыздық» феномені әртүрлі мәдени, тарихи, философиялық контекстерде көрінеді. Оларды байланыстыратын ортақ нәрсе — бұл тақырыптың автордың ішкі жан айқайының көрінісіне айналуы. Мысалы, Гётенің лирикасында жалғыздық романтикалық рухтың, шығармашылық тұлғаның қоғамнан оқшаулануының белгісі ретінде сипатталады. Лермонтов поэзиясында бұл ұғым экзистенциалды жалғыздыққа ұласып, тұлғаның тіршіліктегі мәнсіздік сезімін тудырады. Ал Абайдың өлеңдерінде жалғыздық рухани ар тазалығы мен ел ішіндегі надандықпен күрестен туған терең ішкі күрестің нышаны ретінде қабылданады. Сонымен қоса Л. Свендсен жалғыз адамдар — әлеуметтік өзара қарым-қатынас кезінде басқаларға да, өзіне де тым жоғары талаптар қоятын әлеуметтік перфекционисттердің бір түрі екенін атап кетеді [5; 69]. Жалғыздықты сезінген адамдар өздерін басқалардан жасқанатын және сүйіспеншілікке барынша ұмтылатын етіп көрсетеді. Бірақ олардың өзін басқаша қалыптастыру, басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті бар. Әрине, біз өз сезімдерімізді қалай басқару керектігін білмейміз. Жалғыз адамдар сүйіспеншіліктің жоқтығынан қорқыныш пен ауырсынуды жоя алмайды. Дегенмен біздің өз сезімімізге жанама түрде әсер етуе мүмкіндігіміз бар [5; 71].

Біз неміс поэзиясының аса көрнекті өкілі Иоганн Вольфганг фон Гёте, орыс әдебиетінің романтизм дәуіріндегі ірі тұлғасы Михаил Лермонтов және қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы «жалғыздық» ұғымын код ретінде салыстыра отырып талдауды мақсат тұтамыз. Мақаланың өзектілігі үш түрлі мәдениетте қалыптасқан жалғыздық феноменінің поэтикалық және семиотикалық мәнін ашуда жатыр. Осы салыстырмалы талдау арқылы біз жалғыздық ұғымының поэзиядағы код ретіндегі көркемдік қызметі мен мағыналық тереңдігін айқындамақпыз. Сондай-ақ бұл мәселе арқылы әр ақынның ішкі рухани әлемі мен сол дәуірдегі қоғамдық ахуалдың бір-бірімен байланысын, қайшылықтарын тануға мүмкіндік аламыз.

Л. Свендсенше пайымдасақ: «Хайдеггер өзін-өзі тануға апаратын жол жалғыздықтан өтеді деген тұжырымында бұл жағдаяттың әр адам психологиясына тән екенін айқын танытады. Оңашада шындыққа бұрынғыдан да жақындай алатынымыз рас па? Жалғыздық бізге басқаша қабылдамайтын түсініктер дарыта алады, бірақ сонымен бірге ол бізді басқа түсініктерден айырады. Жалғыздық бізге әлемге басқаша көзқараспен қарау керектігін ұқтырады, бірақ оның дұрыс болуы міндетті емес» [5; 65].

Белгілі австриялық жазушы А. Шницлер өзінің шығармаларында адам психологиясының қат-қабат сырларын, оның болмысындағы жасырын тілектер әлемін бейнелеп көрсетуге тырысты. З. Фрейд еңбектеріндегі «мен» және қоғам арасындағы қайшылықтар, жақын адамдар арасындағы келіспеушіліктер, сондай-ақ жалғыздықпен өмір/өлімнен қорқудың зияндылығы туралы ғылыми-теориялық байламдар А. Шницлер туындыларындағы кейіпкерлер арқылы берілді. Адамға тән әралуан сезімді таныту иррационалды аймаққа енудің түрлі формаларымен қатар жүрді. Филолог ғалым Ю.Л. Цветков өзінің зерттеуінде адамның ішкі жанжалын шоғырландырудың тәсілдері А. Шницлердің шығармаларында көрініс табатынын айта келе «Фрау Берта Гарлан» (1900), «Болжау» (1904), «Жас ханым Эльза» (1924) және т.б. шығармаларының құрылымында осы жалғыздық коды негізінде арман символикасын кеңінен қолданғанын айтады [6; 288].

Сонымен, «жалғыздық» тек поэтикалық бейне емес, автор мен заман арасындағы іштей диалогтың коды, рухани қарсылық пен өзара түсініспеушіліктің рәмізі екені анық. Бұл мақалада поэзия тілімен өрілген жалғыздықтың мәні мен көркемдік сипаты назарға алынады.

Әдістер мен материалдар

Мақалада әдеби-философиялық мәндегі зерттеулердің негізі болған «жалғыздық» ұғымы көркем шығармашылықтағы код ретінде талдау нысанына алынады. Әдебиеттанушылар лирикалық кейіпкердің болмысын танытудағы жалғыздық мотиві мәселесін бірсыпыра қарастырып келеді. Мұндай зерттеулерде ғалымдар шығармашыл тұлға мен жалғыздық ұғымы ажырамас бірлікте көрінетінін дәйектеп көрсетуге ұмтылды. Алайда «жалғыздық» ұғымын көркем код ретінде таныту бағытындағы зерттеулер аз деуге болады. Мақалада дәл осы код ұғымы негізге зерттеу нысанына алынды. Мотив пен код белгілі дәрежеде бір-бірімен жақын да, алшақ та ұғымдар екенін ескере отырып, әдеби-көркем туындыдағы код категориясының мәнін негіздеу, таныту қажеттігіне орай талдау жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу материалы ретінде неміс поэзиясының көрнекті өкілі Иоганн Вольфганг фон Гёте, орыс әдебиетінің романтизм дәуіріндегі ірі тұлғасы Михаил Лермонтов және қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбайұлы шығармалары алынды. Бұл аталған шығармашыл тұлғалар өлеңдеріндегі «жалғыздық» ұғымын код ретінде талдап, таныту мақсатында салыстыру, талдау-жинақтау және структуралық-семиотикалық әдіс ұстанымдары негізінде зерделеу жұмыстары жүргізілді. Салыстыру әдісі үш ел мәдениетінің ірі тұлғаларының көркемдік кеңістігін тану мақсатында қолданылса, талдау, жинақтау әдістері өлең мәтіндерінің көркемдік-бейнелілік мазмұнын иегеруде, структуралық-семиотикалық әдіс принциптері мәтінді құрылымдық талдау барысында ескерілді.

*Нәтижелер**1. Гёте поэзиясындағы жалғыздық*

Иоганн Вольфганг фон Гёте — неміс романтизмінің бастауында тұрған, Батыс Еуропа әдебиетінің даму жолына айтарлықтай ықпал еткен көрнекті ақын әрі ойшыл. Оның шығармашылығы рационализм мен романтизмнің тоғысында орналасқан рухани кеңістік ретінде бағаланады. Гёте поэзиясы мен прозасы адамның ішкі жан дүниесін, күрделі эмоциясын, болмыс пен жалған дүние арасындағы шекараны зерделеген терең мәтіндерден тұрады. Осы контексте, оның шығармаларындағы «жалғыздық» тақырыбы — жеке тұлғаның рухани дағдарысқа ұшырауы, әлеммен үйлесім таба алмауы, ішкі қасірет пен өз «менін» іздеуінің көрінісі.

Ақынның ең танымал туындыларының бірі — «Жас Вертердің азаптары» (Die Leiden des jungen Werthers) романында жалғыздық шынайы әрі өте трагедиялық сипатта бейнеленеді [7; 86]. Бұл шығармадағы Вертердің жалғыздығы — тек әлеуметтік шеттетілу емес, оның бүкіл болмысымен қоғамға, қалыптасқан тәртіпке қарсы тұра алмауының, ішкі еркіндікке ұмтылысының символы. Вертер қоғаммен келісімге келе алмайды, себебі оның сезімдері мен рухани сұраныстары тым терең, ал қоршаған орта — үстірт және бейжай. Бұл жалғыздық — адам мен қоғам арасындағы үйлесімсіздіктің көрінісі:

«Мен — жалғызбын, жұлдыздармен ғана сырласамын...»

Бұл жолдарда экзистенциалды жалғыздықтың белгісі анық сезіледі. Гёте кейіпкерінің жалғыздығы табиғатпен сырласу арқылы өзін табуға тырысқан ішкі әрекеті бейнеленеді. Алайда бұл әрекет сәтсіздікке ұшырайды — кейіпкер жалғыздықтан жұбаныш емес, күйзеліс табады. Бұл романтизм дәуіріндегі адамның өзіне-өзі үңілуінің, жан мен ақыл арасындағы диалогының трагедиялық нәтижесі. Жалғыздық іс-әрекетке бейім мотивтен гөрі адам болмысын оқшаулап тұрған код ретінде айқын [8].

Гётенің поэзиясында жалғыздық жиі ұшырасатын ұғым. Ол бұл тақырыпты философиялық әрі эстетикалық тұрғыдан дамытады. Ақын жалғыздықты кейде адамның өзін-өзі тану жолындағы қажетті қадам ретінде сипаттаса, кейде ол жалғыздықты күйзелістің, үмітсіздіктің себебі ретінде бейнелейді. Мәселен, «Wandrer's Nachtlied» өлеңінде табиғат пен тыныштық — жалғыздықтың серігі, бірақ бұл тыныштық өлімге ұласатындай терең символикаға ие:

«Über allen Gipfeln / Ist Ruh...» (Барлық шыңның үстінде тыныштық...)

Бұл жолдардағы тыныштық — сыртқы әлемнің тыныштығы ғана емес, ішкі жалғыздықтың, адам мен табиғат арасындағы үндестіктің шектік пішіні. Ақын адам баласының мәңгілік тыныштыққа (өлімге) деген ұмтылысын, жалғыздық арқылы өзінің фәнилік табиғатын мойындауын көрсетеді [9].

Артур Шопенгауэр XIX ғасырдың неміс ойшылшысы жалғыздық туралы былай сөз айтқан: «Жалпы адам тек өзімен тамаша үйлесімде бола алады; бұл досыңызбен де, сүйіктіңізбен де мүмкін

емес: даралық пен көңіл-күйдегі айырмашылықтар әрқашан кем дегенде кішкене диссонанс жасаңыз. Сондықтан шынайы, терең әлем және толық рухтың тыныштығы — бұл, денсаулықпен қатар, Жердегі ең жоғары игіліктер жалғыздық және тек мінсіз жалғыздықта тұрақты болады» [10; 226-227]. Рухтың тереңдігі тек адамзат баласы өзімен ғана үлесімде болған кезде пайда болатын күйі. Бұған адам саналы түрде өзімен-өзі оқшауланған кезде келетін түсініктер.

Басқа адамдармен байланыстың болмауын пайымдау, индивидтің («жалғыздық» субъектісінің) осы сәттегі «осында» және «қазірдегі» өмірлік түйсінулерін шоғырландыру оның сөздік-ойлау әрекетінде белсенді көрініс табады [11; 81].

Сонымен қатар тарихи контекстің, қоғамдық бағалаудың және өзге де жағдайлардың ықпалын, сондай-ақ автордың (жазушының) жас ерекшеліктерін жалғыздық күйіне қатысты интенционалдық қатынастың қалыптасуы мен көрінуінде ескеру қажет [12].

Гёте поэзиясындағы жалғыздық феномені романтизмнің терең эстетикалық концепциясымен астасып жатыр. Жалғыздық бұл жерде кемшілік немесе әлсіздік емес, қайта рухани биіктікке жетудің құралы ретінде көрініс табады. Ол тұлғаның қалыпты нормалардан бас тартуы, даралықты сақтау жолындағы күресі. Гёте өзінің жеке Ризе досына жазған хаттарында өмірін жалғыздықпен байланыстырып, сол күйдің әсерінен жан дүниесінде бір мұң пайда болғаны туралы айтады [13; 311]. Бұл жалғыздық ішкі әлемге терең бойлаудан туындайды және рухани биіктікке көтерілуге мүмкіндік береді. Ақын үшін жалғыздық — қайғының белгісі ғана емес, сонымен бірге даналықтың, тұлғалық жетілудің кілті. Мұндай көзқарас жалғыздыққа философиялық және көркемдік тереңдік дарытады [14; 56]. Осылайша, Гёте шығармаларындағы жалғыздық — романтизм дәуірінің эстетикалық және философиялық ұстанымдарының көрінісі. Бұл ұғым арқылы ақын адам болмысының күрделілігін, ішкі рухани ізденісін, қоғаммен арадағы үйлеспеушілікті бейнелейді. Гёте үшін жалғыздық — шығармашылық шабыттың бастауы, тұлғалық кемелденудің көркем символы, яғни символикалық код.

2. Лермонтов поэзиясындағы жалғыздық — «күрескер-бүлікшіл» рух

М.Ю. Лермонтов — орыс поэзиясында философиялық-психологиялық лирикасымен және рухани бостандыққа ұмтылған кейіпкерлерімен мәлім ақын. Оның шығармашылығы романтизммен тығыз байланысты болғанымен, онда ішкі трагизм мен философиялық рефлексияға толы реалистік элементтер де кездеседі.

Лермонтов өзінің ішкі әлемінің жалғыздығын білдіру үшін табиғат бейнелерін шебер қолданады. «Парус» өлеңінде шексіз теңіз фонындағы жалғыз желкеннің бейнесі бостандықты іздеуді және қол жетпейтін идеалға ұмтылудың бейнесін көрсетеді. Бұл өлең автордың әлемде өз орнын табуға деген ұмтылысын, бірақ сонымен бірге оқшаулану мен ішкі күрес сезімін білдіреді [15; 231].

Лермонтов поэзиясындағы жалғыздық — тек эмоциялық күй ғана емес, сонымен қатар тұлғаның қоғаммен, тағдырмен және өзімен күресі нәтижесінде қалыптасатын күрделі рухани құбылыс.

Лермонтов лирикасында жалғыздық көбіне көтерілісшіл рухпен, еркіндікке деген құштарлықпен сабақтасып жатады. Бұл жалғыздық — таңдау нәтижесінде емес, ішкі қажеттіліктен туындайтын күй. Ақын шығармаларында жалғыз қалған кейіпкер — дүниенің әділетсіздігімен күресіп жүрген дара тұлға. Мысалы, оның атақты «Желкен» («Парус») өлеңінде теңіздегі жалғыз ақ желкен — лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесінің тұспалы. Желкен — аласұру, қозғалыс, ол тыныштықты теріске шығару арқылы адам болмысының мазасыдығын әрі жалғыздығын білдіреді:

«Что ищет он в стране далёкой? / Что кинул он в краю родном?..»

М.Ю. Лермонтов өлеңдегі кейіпкер — өз орнын таба алмай, үнемі алға ұмтылып, белгісіздікке бет алған жан. Оның жалғыздығы физикалық емес, рухани жалғыздық. Бұл — қоғамнан, қатып қалған қасаң қағидалардан, іш пыстыратын сылбырлықтан бас тарту. «Желкен» өлеңіндегі жалғыз желкен — рух еркіндігінің, өз жолымен жүруге талпынған жанның аласұрған әлемін танытатын нышан [16; 47].

Лермонтов поэзиясындағы жалғыздық оның «Утёс» атты өлеңінде де көрініс табады. Бұл өлеңде табиғаттағы жалғыз тұрған биік тас арқылы адамның жалғыздығы мен мәңгілікке ұмтылуы бейнеленеді:

«Одиноко он стоит...»

Бұл жерде жалғыз жартаc — ақынның өзіндік метафорасы. Биіктен қарап тұрғанымен, ол да жалғыз, мәңгі қозғалыссыз. Бұл — рухани биіктік пен әлеуметтік оқшауланудың арасындағы күрделі

катынасты көрсететін бейнелеу. Жартастың жалғыздығы — мақтаныш пен қасіреттің қосындысы. Бұл — жалғыздықты таңдау емес, тағдырдың жазуы ретінде қабылдау.

Сонымен қатар Лермонтовтың «И скучно и грустно» (Абай бұл өлеңді «Әм жалықтым, әм жабықтым» деп аударған) өлеңі жалғыздықты барынша трагедиялық ракурста бейнелейді. Ақын адам болмысының мәнсіздігін, махаббат пен үміттің алдындағы шарасыздығын, рухани күйзелісті поэтикалық тілмен жеткізеді:

«И скучно и грустно, и некому руку подать / В минуту душевной невзгоды...»

Бұл жолдарда жалғыздық — тек қоғамнан шет қалу емес, сонымен қатар ішкі үміттің үзілуі, ортадан ешбір мән таба алмауы. Мұндағы жалғыздық — философиялық трагедия, адамның шынайы жақындыққа жете алмауы. Ақын үшін бұл — өмірдің мағынасыздығын сезінуден туындаған жалғыздық.

Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» өлеңінде де жалғыздықтың барынша шынайы көрінісі бар. Мұнда лирикалық кейіпкер түнгі табиғат аясында жалғыз, ол табиғат тыныштығына елтиді. Бірақ бұл тыныштық — сыртқы дүниенің емес, ішкі жан тыныштығының жетіспеуі. Адам әлеммен үндестікте болуға ұмтылады, бірақ жалғыздық оның мәңгі серігі болып қала береді:

«Выхожу один я на дорогу, / Сквозь туман кремнистый путь блестит...»

Ақын жалғыздықтың мұңын табиғатпен тілдесу арқылы арылтуға тырысады, алайда рухани күйзеліс пен торығу оған кедергі болады. Бұл өлеңде жалғыз жолға шығу — адамның мәңгілік сұрақтарға жауап іздеу жолындағы сапары ретінде көрінеді [16; 132].

И.В. Гете — М.Ю. Лермонтовтан Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ,-

Бұл жерде табиғат тыныштығы адамды жан тыныштығына шақырады. Тіршіліктің үнсіздігі рухани тыныштық, тағдырды қабылдауды көрсетеді. Бұл поэтикалық миниатюрада адам жанының жалғыздығы мен ішкі жан дүниесіндегі мазасыздықтың себебі философиялық тұрғыда ашылады.

Өлеңнің негізі тақырыбы — жалғыздық. Лирикалық қаһарман тыныштықпен қоршалған, онда табиғат оның көңіл күйінің айнасына айналды. Алайда бұл жалғыздық қысым емес, философиялық ой толғау ретінде қабылданады. Автор айналадағы дүние де тыныштыққа шомғанынан жұбаныш тапқандай табиғатпен бірігу арқылы ішкі тыныштықты сипаттағанын көре аламыз.

«Тыншығарсың сендағы, сабыр қылсаң азырақ» — бұл жолдар терең экзистенциализмге толы. Композициялық тұрғыдан қарағанда сыртқы дүниені (табиғатты) сипаттаудан адамның ішкі жағдайына қарай үңілу орын алған. Объекіден субъектіге дейінгі мұндай қозғалыс тыныштық пен жалғыздыққа біртіндеп батыру әсерін тудырады.

Өлеңдегі «Түн басады салбырап» деген жолдарда түн дүниені «тұмшалауға» қабілетті тұлға ретінде бейнеленеді. «Қараңғы түн», «жым-жырт», «дел-сал» деген эпитеттер толықтай тыныштық атмосферасын көрсетіп, оқырманға сол күйді сыйлайды.

Түн тек тәуліктің физикалық уақыттығын көрсетіп қоймай, оның жалғыздық пен тыныштық символын ретінде танылады.

Өлең біркелкі, сабырлы ырғақпен жазылған, оның сипатын көрсетеді. Дыбыстар жұмсақ, тегіс болып, ұйқы және ішкі тыныштық сезімін арттыра түседі.

Лирикалық қаһарман бейнесі тыныштық аясында константа күйінде көрсетілген. Ол әлемнен алыстағандай қалыпта, бірақ бұл алшақтық трагедиялық емес. Ол жалғыз, бірақ күллі табиғаттан оқшауланып кетпейді, керісінше ол айналасындағылардың барлығын «ұйықтатын» табиғатпен бір екендігін бақылаймыз.

Бұл өлең адамның мәңгілік жалғыздығы, өз ішіндегі үйлесімділік пен тыныштықты іздеу туралы поэтикалық толғаныстарға толы. Табиғат суреттері арқылы автор жалғыздық жаза емес, ішкі тепе-

теңдікті табуға болатынын табиғи жағдай екенін көрсете алады. Мұндай философиялық құбылыс өлеңнің терең мәнін және қат-қабаттылығын көрсетеді.

Өлеңге трагедиялық мазмұн дарытқан не десек, түн, тыныштық, ұйқы сөздері өмірдің өткіншілігін, тіршіліктің уақытша екенін көрсетеді. Ал, лирикадағы кейіпкер табиғаттағы тыныштықты бақылап отырып, адам баласы сол тыныштыққа берілсе ғана азаптан құтыла алады деген ой түюге болады. Бұл арқылы адамның өмірден бас тартуын білдірмейді, керісінше ішкі сабырлылық арқылы өзінің тағдырды қабылдауын көрсетеді.

Гетедегі жалғыздықты айтар болсақ, түнгі тыныштық — сыртқы әлеммен адамдардан және ойлардан оқшалануды көрсетеді.

Тау қалғып кеткен, жол тыныш, жапырақ сілкінбейді — бұл бейнелеулер бүкіл әлем ұйқыда екенін көрсетеді.

Адам табиғаттағы тыныштықты көрген сәтте, өзін табиғаттың бөлшегі ретінде көреді. Бірақ, одан рухани тұрғыда алшақтағанын сезінеді. Табиғат заңдылықтарын қабылдай отыра, адам ұйқы, тыныштық пен жалғыздық ұғымдарын түйсіне бастайды. Өзінің санасы арқылы жалғыздық күйін кешіп, сезіне бастайды.

Символикалық тұрғыдан қарасақ, түн — тыныштықтың ақырғы нүктесі. Тау — ол биік, асқақ, уақыт өтіп келе оның да өткінші екендігі, ештеңе де мәңгі емес екенін көрсетеді. Жапырақ, жол — бұл бізде қозғалыс символдары, олардың тоқтауы өмірдің тоқтауын көрсетеді [17].

«Лермонтов жалғыздықты жиі бейнелейтін тұлға мен қоғам арасындағы сәйкессіздік нәтижесінде. Оның өлеңдерінде жалғыздық қорғанысқа айналады қоғамдық екіжүзділікке, бюрократияға және әлеуметтік әділетсіздік» [18; 99]. Нәтижесінде Лермонтов жиі жүгінеді «өмірдің мәні, тағдыры туралы философиялық ойлар және алдын ала анықталған» [19; 70].

Қорыта айтқанда, Лермонтов поэзиясындағы жалғыздық — адамның рухани еркіндікке, шынайылыққа, әділеттілікке ұмтылуының көркем көрінісі. Бұл жалғыздық — еркін рухтың, дара тұлғаның, шексіз ізденістің белгісі. Ақын жалғыздықты трагедиялық сипатта қабылдағанымен, оны тұлғалық жетілу мен рухани биіктікке жетудің жолы ретінде бейнелейді. Лермонтов үшін жалғыздық — қайғы ғана емес, ол — адам болмысының тереңдігі мен күрделілігін ашатын поэтикалық феномен.

3. Абай поэзиясындағы жалғыздық — рухани тазару

Абай Құнанбайұлы — қазақ поэзиясында философиялық тереңдігімен, рухани ізденістерімен ерекшеленетін дара тұлға. Оның шығармашылығы — Шығыс пен Батыс ойлау жүйесі тоғысқан, адам болмысының күрделілігін бейнелейтін рухани кеңістік. Абай лирикасындағы жалғыздық — тек күйзеліс немесе қайғы емес, ол — терең рефлексия мен өз-өзіне есеп беру, рухани тазару мен жетілу жолының көрінісі. Ақын жалғыздықты хакімдік таным мен рухани биіктікке жетудің қажетті шарты ретінде бейнелейді.

Абай үшін жалғыздық — адамның ішкі жан дүниесіне үңілу, қоғамнан уақытша шеттетілу арқылы өз «менін» танып, болмысты тереңірек түсіну амалы. Бұл — сопылық дүниетаныммен сабақтас ұстаным, яғни дүниелік қызықтардан, жалған мақсаттардан алшақтай отырып, рухани кемелдікке ұмтылу. Оның өлеңдерінде жалғыздық көбіне ішкі күйзеліс пен үмітсіздіктің емес, терең ойдың, данышпандықтың, өзіндік танымның символына айналады.

Мысалы, ақынның «Көк тұман — алдындағы келер заман» деп басталатын өлеңінде жалғыздық болашаққа деген үмітсіздіктің көрінісі ғана емес, сонымен бірге ойшыл адамның қоғамнан түңілу сәтіндегі рухани халі ретінде сипатталады:

«Көк тұман — алдындағы келер заман,
Үмітсіз — сағым сынды, болар жаман.»

Абай бұл жерде болашақтан үмітін үзген ақыл иесінің рухани күйін бейнелейді. Ол жалғыздықты еріксіз тағдыр ретінде емес, саналы түрде таңдалған рухани практика ретінде көрсетеді. Мұндай көзқарас ислам сопылық дәстүріндегі хила (жалғыз қалу) ұғымымен үндеседі, мұнда жалғыздық — адамның Жаратушымен тілдесуі, өз болмысымен жалғыз қалуы, бұл арқылы рухани тазалыққа жету құралы [20; 125].

Сонымен қатар Абайдың «Сегіз аяқ», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», т.б. көптеген өлеңдерінде жалғыздық сарыны басым. Ақын қоғамдағы әділетсіздікке, жалған достыққа, надандыққа қапаланып, рухани күйзеліс пен жалғыздық күйін өлеңдеріне арқау ете отырып, жалғыз жанның күйзелген, ойға батқан қалпын танытады.

Ақын поэзиясындағы жалғыздық — рухани тазалыққа ұмтылған жанның өз ортасынан, қоғамынан алшақтауының көрінісі. Ол жалғыз қалғанымен, бұл хал — рухани әлсіздіктің емес, биікте тұрудың белгісі. Абайдағы мұндай жалғыздық — көп ішіндегі даралық, ойдың биіктігі.

Абай поэзиясында жалғыздық көбіне адам мен қоғам арасындағы рухани алшақтықты білдіреді. Ақын өзінің «Сегіз аяқ», «Ғашықтың тілі — тілсіз тіл» сияқты өлеңдерінде де жалғыздықтан туындайтын ойлар арқылы терең философиялық сұрақтарға жауап іздейді. Оның өлеңдеріндегі жалғыздық — мазмұн жағынан терең, пішін жағынан сабырлы әрі ойлы күйде беріледі.

Абайдың көзқарасы бойынша, жалғыздық — рухани жетілу мен ақиқатқа жетудің жолы. Ол үшін жалғыздық — жағымсыз, қорқынышты құбылыс емес, керісінше, тұлғалық және интеллектуалдық дамуға алып баратын қажетті процесс. Бұл процесте адам өз «менін» таниды, болмыстың мәнін түсінеді, әлеммен үндесуге тырысады.

Жалғыздықты игере білуі — оның данышпандық дәрежесіне жетуінің бір қыры ретінде танылады. Жалғыздық арқылы ол рухани тазаруға, өзін-өзі тануға және қоғамдағы жалған құндылықтардан арылуға мүмкіндік табады. Сондықтан Абай поэзиясындағы жалғыздық — рухани тұғыр, хакімдік сана мен ар ілімінің өзегіне айналған ерекше феномен көрсетіп кетеді [21; 78-83].

Абайдың Лермонтовтан аудаған «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» өлеңіне назар аударайық:

Жолға шықтым бір жым — жырт түнде жалғыз,
Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз.
Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мүлгіп,
Сөйлесіп ымдасқандай көкте жұлдыз.

Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын,
Менің не мұнша қапа, қысылғаным?
Үміт пе, өкініш пе ойланғаным?

Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
Өмірге өткен титтей өкінбеймін.
Азаттық пен тыныштық көксегенім,
Ұйықтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін.

Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,
Ұйқы, тыныштық, ұмыту — бер дегенім.
Көкірегімде өмірдің күші тұрып,
Іздеймін дем алыста үзбегенім.

Су сылдырлап, жел гулеп, күн шуақтап,
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.
Өнген, өскен, жақсы деп емен ағаш,
Теңселіп айтып тұрса ол шайқақтап.

Бұл өлеңде адамның ішкі толғанысы бейнеленген. Жан дүниенің жалғыздық күйін, тіршіліктің мағынасын, тұлғаның тыныштықты іздеуі, өмірден түңілуі мен азаттыққа ұмтылу сияқты күрделі сезімдердің тоғысын көрсетеді. Абай түнгі тыныштыққа жай ғана аудармай, қазақ дүниетанымын, далалық тыныштық пен жалғыздықтың ерекшелігін көрсетіп, бейнелі және эмоционалды кеңістікті ұсынады. Өлеңдегі негізгі өзек — жалғыздық пен рухани ізденіс. Кейіпкер жалғыз жүреді. Автор бұл арқылы рухани жалғыздық пен қоғамнан алыстығын, кейіпкердің күйзелісте екендігін көрсетеді. Дүниеден үміт жоқ өлең жолдары адамның күйзелістегі үмітсіздігін айқын көрсетіп тұрғандай, оның өмір мәнін жоғалтқанын, тіршілікке сенімсіздігі осы күрделі сезімнің белгісі ретінде беріледі. Кейіпкер өлімді емес, өмірде тыныштық, ұйқы мен ұмытылуды іздейтінін айқын көрінісін табады. Бұл жердегі ең үлкен трагедия адамның өлімді емес іздеуі, тағдырға бар ауырсынуды ұмытуды аңсауы тұлғалық трагедиялардың бірі.

Өлеңде жалғыз саяхатшы бейнесі бірінші жолдардан-ақ айқын көрінеді: «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз». Табиғат тыныш, үйлесімді, бірақ адам соған қарамастан тыныштық таба

алмайды. Өлім емес, ұмытуды аңсау жалғыздықтың ең ауыр сатысы екендігін көреміз. Бұл адам рухының трагедиялық құлдырауын көрсетеді.

Абай түпнұсқадағы «свободы и покоя» тіркесін «Азаттық пен тыныштық көксемі» деп қазақша аудармасын еркіндік пен жан тыныштығына ұмтылыс тұрғысынан өте нақты жеткізеді. Сондай-ақ жан жалғыздығы, қасірет, рухани түңілу эмоциясын сақтап, қазақ поэзиясына тән мұңды, ойлы ырғақ қосады. Өлең сыртқы әлемді (түнгі жол, тыныштық, жұлдыздар, табиғат) сипаттаудан кейіпкердің ішкі монологына ауысатын бірнеше жолдан тұрады. Композициялық тұрғыдан ол бақылаудан рефлексияға, рефлексиядан конфессияға дейін сезімді градациялау принципі бойынша құралады. Ю.М. Лотман орыс жазушының М.Ю. Лермонтовтың өлеңдерінде жалғыздық, бұл ақынның сағынышы ғана емес, оның сұхбаттасушыны табуға, «туған жанды» табуға деген құштарлығы деп жазды [22; 746].

Өлеңде лирикалық кейіпкер дүниеден қашпайтын, бірақ онымен үндесіп кете алмаған рухани шаршаған саяхатшы болып көрінген. Ол тура мағынада өлімді емес, ұмытылуды, одан, үміттен, өкініштен арылуды қалайды. Оның әрекеті жалғыздықтан бас тарту емес, саналы түрде соған терең бойлау болып көрінеді.

Абай Лермонтовты қазақ даласына бейімдейді, мұндай «жол», «түн», «жұлдыз» — жай табиғи элементтер емес, жалғыздықтың бейнелі нысандары.

Көптеген ұқсастықтарды олардан қанағаттанбау, жалғыздық және көңілсіздік сезімдерін білдіру тәсілінен табуға болады [23].

Бұл өлең — өмірден шығудың жолын емес, азаптан шығудың жолын іздейтін жалғыз адамның интеллектуалды арылуы (интеллектуальная исповедь). Мұндағы жалғыздық трагедия емес, ол — азаттықтың бір түрі, ішкі үйлесімділікке апаратын жол, өзекті және терең философиялық ойға ие.

Қорыта айтқанда, Абай поэзиясындағы жалғыздық — тек күйзеліс немесе жалғыз қалу ғана емес, ол — адам рухының биіктеуі мен кемелдену жолындағы күрделі, көпқырлы поэтикалық және философиялық процесс. Абай жалғыздықты өмірден түңілудің емес, адамдық пен парасатқа жетудің жолы ретінде танытады. Оның шығармаларындағы жалғыздық код ретінде тұрақтап, рухани тазарудың, даналыққа бастайтын жолдың көркем кілті болып ұғынылады.

Талқылау

Гёте, Лермонтов және Абай — әртүрлі тарихи, мәдени және философиялық кеңістікте өмір сүрген ақындар болғанымен, олардың поэзиясындағы жалғыздық мотиві — рухани ізденістің, тұлғалық тереңдіктің және қоғамдық дисгармонияның көрінісі ретінде ортақ сипат алады. Бұл үш ақын үшін де жалғыздық — сыртқы оқшауланудан гөрі, ішкі рухани процестің айғағы. Алайда олардың бұл ұғымға деген қатынасы мен оны бейнелеу тәсілдері бір-бірінен ерекшеленеді.

Гёте поэзиясында жалғыздық — экзистенциалды дағдарыстың көрінісі. Ол адам мен әлемнің арасындағы үзіліп қалған байланысты сипаттайды. «Жас Вертердің азаптары» романында және оның лирикалық өлеңдерінде жалғыздық — махаббаттан, құдайдан, қоғамнан алыстаған жанның ішкі күйзелісі ретінде беріледі. Бұл — адамның өз «менімен» бетпе-бет келуі, рухани азап пен ізденістің поэтикалық формасы. Гёте жалғыздықты трагедиялық әрі философиялық категория ретінде танытады [7; 82-87].

Ал Лермонтов поэзиясында жалғыздық — тұлғаның қоғаммен, моральмен, тіпті тағдырмен келіспеушілігін бейнелейтін бүлікшіл рухтың көрінісі. Оның «Выхожу один я на дорогу», «Парус» сияқты өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер — жалғыз, бірақ рухани еркін. Бұл романтизмге тән мотив: жалғыздық арқылы адам өз болмысын, еркіндігін сезінеді. Дегенмен бұл еркіндік те тыныштық пен үйлесімге әкеле бермейді. Лермонтов үшін жалғыздық — еркіндік пен трагедияның бірлігі.

Абай поэзиясындағы жалғыздық өзгеше сипатқа ие. Ол — рухани тазару мен хакімдік ойдың көрінісі. Абай жалғыздықты данышпандық пен кемелдіктің алғышарты ретінде қарастырады. Оның өлеңдеріндегі жалғыздық сопылық дүниетаныммен астасып, дүниеден баз кешу емес, ішкі кемелдікке жету жолы ретінде көрініс табады. Мәселен, «Көк тұман — алдындағы келер заман» немесе т.б. өлеңдерінде ақын рухани дағдарысты өткере отырып, адам болмысының шындығына жетуге ұмтылады. Натуралистер Р.В. Эмерсон және Г. Торо жалғыздық адам өзінің күштері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, табиғатпен және ғарышпен байланыс орната алған кездегі артқа қарай шегіну. Бұл идея трансценденталистік жалғыздық теориясының негізін қалады. Трансценденталистер Батыс ойының тарихында бірінші болып жалғыздықты ажырата бастады. Экзистенциализмде жеке тұлғаның жалғыздығы «жабық антропологиялық эмбебап принципке айналады, сондықтан адамның

ішкі оқшаулануы кез келген жеке болмыстың негізі». Ойшылдардың жалғыздыққа деген қызығушылығы оны әдеби шығармаларда түсіндіруге әкелді, бұл олардың авторларының өзіндік «жалғыздығының» нәтижесі, «шынайы өзін-өзі қалыптастырады» [24; 91].

Үш ақын да жалғыздықты жай эмоциялық күй емес, адамның болмыспен қатынасындағы философиялық-рухани категория ретінде танытады. Бірақ олардың жалғыздықты бейнелеу тәсілдері мен бағыттары әртүрлі. Қайталай айтсақ, Гёте үшін бұл — адам мен әлем арасындағы үзіліс, Лермонтов үшін — еркін рухтың көтерілісі, Абай үшін — рухани биіктікке апарар жол.

Сонымен бірге әр ақынның мәдени контексті де жалғыздықтың интерпретациясына әсер еткен. Гёте неміс классицизмі мен романтизмі аясында адам мен табиғат, Құдай мен адам арақатынасын іздесе, Лермонтов орыс романтизмі мен декаденттік көңіл-күйді бейнелеп, тұлғаның күйзелісін алға тартады. Ал Абай қазақ руханияты мен сопылық философия негізінде жалғыздықты парасат пен ойдың символы ретінде ұсынады.

Демек, бұл үш ақынның поэзиясында жалғыздық код ретінде әртүрлі бояумен берілсе де, олардың барлығында да ортақ өзек — тұлғаның өз болмысын тануға деген ұмтылысы, рухани дисгармонияны сезінуі және абсолюттік шындыққа жету жолындағы ішкі күресі жатыр. Бұл жалғыздық — адам мен әлемнің арасындағы үнсіз диалог, поэзия тілімен өрнектелген рухани шындықтың көркем көрінісі.

Осы тұрғыдан алғанда, жалғыздық — тек күйзелістің емес, сонымен қатар шығармашылықтың, терең рефлексия мен болмысты ұғынудың бастауы. Бұл үш ақынның поэзиясы арқылы жалғыздықтың адам өмірі, рухани болмысы үшін маңыздылығы мен эстетикалық әлеуеті айқын көрінеді. Сондықтан лирикадағы жалғыздық коды — түрлі дәуір мен мәдениетте бір-біріне ұқсамайтын, бірақ терең мәнде үндесетін көркем құбылыс.

В.Г. Риз жалғыздықты мәселе ретінде қарастырып қана қоймай, оның мәдени қарсылық пен шығармашылықты қайнар көзі екенін атап кетеді. Жалғыздық әрдайым қайта оралатын әмбебап адамның күйі ретінде сипаттайды. Жалғыздық екі түрлі болғанымен ол әрдайым керемет эстетикалық сұлулық тудырады [25; 773-775].

Қорытынды

Гёте, Лермонтов және Абай — әртүрлі мәдениет пен әдеби дәстүр өкілдері бола отырып, поэзияда жалғыздықты терең философиялық әрі көркемдік тұрғыда бір-бірімен үндестікте, сан қырынан ашып бейнелей білген. Олардың шығармашылығында жалғыздық категориясы — поэтикалық образ ғана емес, рухани ізденістің, болмыс пен шындық арасындағы күрестің көрінісі ретінде айқындалады. Гёте үшін жалғыздық — адам мен әлем арасындағы үйлесімнің бұзылуы мен ішкі дағдарыс, Лермонтов үшін — қоғаммен қақтығысқан еркін рухтың трагизмі, ал Абай үшін — рухани кемелдік пен адамдық мұраттарға жетудің амалы десек, осы бейнелеулер жалғыздық атты ұғымның поэтикалық бейнесін тұтас сипаттап, оның көркемдік код ретіндегі тетігін танытқан.

Жалғыздық әр ақынның шығармашылық болмысымен, философиялық көзқарасымен және ұлттық дүниетанымымен тығыз байланысты. Гёте тұлғаны әлеммен қатынастағы ойшыл ретінде сипаттаса, Лермонтов оны бунтарлық мінезбен ерекшеленген еркін жан ретінде көреді, ал Абай жалғыздықты хакімдік ойдың, сопылық рефлексияның белгісі ретінде ұсынады. Демек, жалғыздық — үш ақында да ішкі рухани процестің нышаны, адам мен әлем арасындағы күрделі байланыстың символы.

Сондай-ақ бұл зерттеуде біз жалғыздықтың лирикадағы көркем код ретінде алатын орнын көрсетіп, оның әмбебап мағынаға ие екендігін дәйектеуге ұмтылды. Бұл ұғым тек белгілі бір дәуір немесе мәдениетке тән емес, керісінше адамзаттың жалпы рухани тәжірибесін бейнелейді. Жалғыздық арқылы лирикалық поэзияда тұлғаның шынайы болмысы, ішкі толғаныстары мен рухани өмір жолы көрініс табады. Осылайша, жалғыздық ұғымы поэзияның мәңгілік тақырыптарының бірі ғана емес, адамның рухани кемелденуінің кілті ретінде көркем ойлаудың тетігінде тұрғанын айтамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Baumeister R.F. The need to belong: desire for interpersonal attachments as a fundamental human motivation / R.F. Baumeister, M.R. Leary // Psychological Bulletin. — 1995. — Vol. 117, No. 3. — P. 497–529.
- 2 Cacioppo J.T. Loneliness in the modern age: an evolutionary theory of loneliness (ETL) / J.T. Cacioppo, S. Cacioppo // Advances in Experimental Social Psychology / ed. J.M. Olson. — Amsterdam: Elsevier, 2018. — P. 127–197.

- 3 Pinquart M. Risk factors for loneliness in adulthood and old age — a meta-analysis / M. Pinquart, S. Sörensen // *Advances in Psychology Research* / ed. S.P. Shohov. — New York: Nova Science Publishers, 2003. — Vol. 19. — P. 111–143.
- 4 Юрченко М.А. Одиночество и уединение / М.А. Юрченко // *Гуманитарные и социальные науки*. — 2008. — № 3. — С. 40–47.
- 5 Свендсен Л. Философия одиночества / Л. Свендсен; пер. Е. Воробьевой. — М.: Прогресс-Традиция, 2017. — 272 с.
- 6 Цветков Ю.Л. Литература Венского модерна: дис. ... д-ра филол. наук / Ю.Л. Цветков. — М.: Московский педагогический государственный университет, 2003. — 434 с.
- 7 Гёте И.В. Жас Вертердің азаптары: роман / И.В. Гёте; ауд. Т. Әбдікәкімов. — Алматы: Жалын, 1982. — 240 б.
- 8 Goethe J.W. Die Leiden des jungen Werther [Electronic resource] / J.W. Goethe. — Access mode: <https://www.gutenberg.org/ebooks/2527>.
- 9 Goethe J.W. Wandrers Nachtlied [Electronic resource] / J.W. Goethe. — Access mode: <https://www.gutenberg.org/cache/epub/8565/pg8565-images.html>.
- 10 Шопенгауэр А. Афоризмы житейской мудрости / А. Шопенгауэр. — М.: Эксмо, 2011. — 368 с.
- 11 Журавлева Т.П. Концептуальная модель феномена «одиночества» (на материале произведений И.В. Гёте) / Т.П. Журавлева // *Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Лингвистика*. — 2018. — № 1. — С. 80–89. DOI: 10.18384/2310-712X-2018-1-80-89.
- 12 Сёрль Дж. Природа интенциональных состояний / Дж. Сёрль; под ред. Д.П. Горского, В.В. Петрова // *Философия, логика, язык*. — М.: Прогресс, 1987. — С. 96–126.
- 13 Фидарова Ф.К. Понятие «одиночества» как культурная трансформация личности в контексте кризиса национальной идентичности в Германии / Ф.К. Фидарова // *Культура и цивилизация*. — 2023. — Т. 13, № 9А. — С. 308–318. DOI: 10.34670/AR.2023.15.46.039.
- 14 Жұмағұлова Г.Ә. Неміс романтизміндегі адамның ішкі дүниесі және Гёте поэзиясы: филол. ғыл. канд. ... дисс. / Г.Ә. Жұмағұлова. — Алматы, 2008. — 148 б.
- 15 Лермонтов М.Ю. Тема одиночества в лирике [Электронный ресурс] / М.Ю. Лермонтов. — Режим доступа: <https://econfséries.com/index.php/3/article/view/376>.
- 16 Лермонтов М.Ю. Стихотворения и поэмы / М.Ю. Лермонтов. — М.: Эксмо, 2010. — 384 с.
- 17 Құнанбайұлы А. Шығармалар толық жинағы / А. Құнанбайұлы. — Алматы: Жазушы, 2005. — 432 б.
- 18 К 200-летию великого поэта президентская библиотека представляет уникальную лермонтовскую коллекцию [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.prlib.ru/news/658743>.
- 19 Лермонтов М.Ю. Сочинения [в 2-ух т.] / М.Ю. Лермонтов; сост. и комм. И. С. Чистовой. — М.: Правда, 1988. — Т. 1. — 720 с.
- 20 Абай: энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. — Алматы: Атамұра, 1995. — 720 б.
- 21 Мырзахметов М. Абай және Шығыс / М. Мырзахметов. — Алматы: Рауан, 1994. — 176 б.
- 22 Лотман Ю.М. О поэтах и поэзии: Анализ поэтического текста / Ю.М. Лотман, М.Л. Гаспаров. — СПб.: Искусство-СПб, 1996. — 846 с.
- 23 Абай и Лермонтов [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://semeylib.kz/?page_id=1015&lang=ru.
- 24 Криштон И.С. Мотив одиночества в лирике Э. Миллей и К. Буйко / И.С. Криштон // *Вестник Полоцкого государственного университета. Серия А: Гуманитарные науки*. — 2015. — № 10. — С. 91–94.
- 25 Omry K. Blue Notes: Jazz, Literature, & Loneliness / K. Omry, S.V.H. Reese // *American Literary History*. — 2022. — Vol. 34, No. 2. — P. 773–775. DOI: 10.1093/alh/ajac041.

Ж.А. Аймухамбет, Р.Р. Нургали

Код «одиночества» в лирике (на материале стихотворений Гёте, Лермонтова и Абая)

В статье рассматривается понятие «одиночество» в лирике в виде кода и принимается во внимание поэтическое и семиотическое значение феномена одиночества. Исследование в этом направлении осуществлялось путем анализа произведений выдающегося представителя немецкой поэзии И.В. Гёте, крупнейшей личности русской литературы эпохи романтизма М.Ю. Лермонтова и классика казахской поэзии Абая Кунанбаевича. Объясняется важная роль философско-лирических образов в изучении понятия «одиночество» в стихах названных поэтов. Раскрывая место одиночества как художественного кода в лирике, показано, что оно имеет универсальное значение. Утверждается, что это понятие не просто присуще определенной эпохе или культуре, а скорее отражает общий духовный опыт человечества. В лирической поэзии прослеживается, что через понятие одиночества проявляется истинное бытие, внутренние переживания и духовные поиски личности. Делается вывод, что одиночество — это не только одна из вечных тем поэзии, но и ключ к духовному совершенству человека. Также дифференцируются отношения, противоречия между внутренним духовным миром каждого поэта и об-

шественной обстановкой той эпохи. Литературно-теоретические выводы достигаются путем сравнительного анализа, структурно-семиотического изучения. Установлено, что одиночество как код в стихотворениях Гёте, Лермонтова и Абая занимает центральное место в художественном изображении. Анализируются также взаимосвязь и противоречия между внутренним миром поэтов и социальной ситуацией их эпох. Посредством сравнительного и структурно-семиотического анализа формулируются литературоведческие и теоретические выводы. Авторы подчёркивают, что категория одиночества проявляется у каждого поэта по-своему, однако в целом выступает универсальным духовным переживанием, раскрывающим внутренний мир человека. Показано, что одиночество функционирует как важный художественный механизм, который способствует раскрытию антропологических и духовных аспектов человеческой сущности. На конкретных примерах доказывается его роль как кода в поэзии. В лирике Гёте одиночество интерпретируется как внутренняя борьба и духовный поиск, что соотносится с эстетикой романтизма. С точки зрения романтической эстетики, одиночество представляет человеку возможность творческого самопознания, стремления к гармонии с природой и дистанцирования от общества. Поэт придаёт особое значение образам тоски и утраты гармонии с миром. Таким образом, одиночество в поэзии Гёте отражает поиск личностного «я» и конфликт человека с социальными ожиданиями. В поэзии Лермонтова одиночество предстает как состояние, связанное с утратой внутренней свободы. Его лирические герои оказываются в положении внутреннего разлада — в противоборстве с обществом, судьбой и самим собой. Это одиночество имеет трагическое содержание и раскрывает экзистенциальный путь личности в поисках смысла. Для Лермонтова оно выступает художественным образом свободолюбивого духа и непримиримости с социальными нормами. Одиночество в творчестве Абая трактуется как духовный опыт, направленный на глубокое осмысление собственного бытия и освобождение от иллюзорного. В его лирике одиночество — это сознательный выбор, связанный с поиском истины и нравственного совершенствования. Оно приобретает характер интеллектуальной рефлексии, что соотносится с элементами суфийского мировоззрения и выражает реакцию поэта на общественную несправедливость. В статье обоснована художественная функция феномена одиночества в поэзии трёх поэтов и теоретически определено его место как универсального поэтического кода.

Ключевые слова: лирика, одиночество, код, образность, символика.

Zh.A. Aimukhambet, R.R. Nurgali

The code of «loneliness» in lyric poetry (based on the poems of Goethe, Lermontov, and Abay)

The article examines the concept of «loneliness» in poetry as a code and takes into account the poetic and semiotic meaning of the phenomenon of loneliness. Research in this area was carried out by analyzing the works of the outstanding representative of German poetry, J.W. Goethe, the greatest figure of Russian literature of the Romantic era, M.Y. Lermontov, and the classic of Kazakh poetry, Abay Kunanbayevich. The important role of philosophical and lyrical images in the study of the concept of «loneliness» in the poems of these poets is explained. By revealing the place of loneliness as an artistic code in poetry, it is shown that it has universal meaning. It is argued that this concept is not simply inherent in a particular era or culture, but rather reflects the common spiritual experience of humanity. In lyric poetry, it can be seen that through the concept of loneliness, true being, inner experiences, and spiritual searches of the individual are demonstrated. It is concluded that loneliness is not only one of the eternal themes of poetry, but also the key to human spiritual perfection. It has been established that loneliness in the poems of Goethe, Lermontov, and Abay as a code lies at the heart of artistic representation. The relationships and contradictions between the inner spiritual world of each poet and the social situation of that era are also differentiated. Literary-theoretical conclusions are reached through comparative analysis and structural-semiotic study. It is established that loneliness, as a code in the poetry of Goethe, Lermontov, and Abay, occupies a central place in artistic representation. The connections and contradictions between each poet's inner world and the social circumstances of their respective epochs are also analyzed. Through comparative and structural-semiotic analysis, literary and theoretical conclusions are formulated. The authors emphasize that the category of loneliness manifests itself differently in each poet's work, yet overall serves as a universal spiritual experience that reveals the human inner world. The study demonstrates that loneliness functions as an important artistic mechanism that contributes to the disclosure of the anthropological and spiritual dimensions of human existence. Its role as a poetic code is substantiated through concrete examples. In Goethe's lyric poetry, loneliness is interpreted as an inner struggle and a spiritual quest, which correspond to the aesthetics of Romanticism. From the standpoint of romantic aesthetics, loneliness provides an opportunity for creative self-exploration, for seeking harmony with nature, and for distancing oneself from society. The poet assigns particular importance to images of longing and the loss of harmony with the world. Thus, loneliness in Goethe's poetry reflects the search for the personal «self» and the conflict between the individual and social expectations. In Lermontov's poetry, loneliness appears as a condition associated with the loss of inner freedom. His lyrical heroes find themselves in a state of internal discord-confronting society, fate, and even themselves. This loneliness has a tragic dimension and reveals the existential journey of the individual in the search for meaning. For Lermontov, it constitutes an artistic image

of a freedom-loving spirit and a refusal to reconcile with social norms. In Abai's work, loneliness is interpreted as a spiritual experience aimed at deep reflection on one's own being and liberation from illusion. In his lyric poetry, loneliness represents a conscious choice associated with the pursuit of truth and moral self-improvement. It acquires the character of intellectual reflection, correlating with elements of Sufi worldview and expressing the poet's response to social injustice. The article substantiates the artistic function of the phenomenon of loneliness in the poetry of the three poets and theoretically defines its position as a universal poetic code.

Keywords: lyrics, loneliness, code, imagery, symbolism.

References

- 1 Baumeister, R.F., & Leary, M.R. (1995). The need to belong: desire for interpersonal attachments as a fundamental human motivation. *Psychological Bulletin*, 117 (3), 497–529.
- 2 Cacioppo, J.T., & Cacioppo, S. (2018). Loneliness in the modern age: an evolutionary theory of loneliness (ETL). In J.M. Olson (Ed.), *Advances in Experimental Social Psychology* (pp. 127–197). Amsterdam: Elsevier.
- 3 Pinguart, M., & Sörensen, S. (2003). Risk factors for loneliness in adulthood and old age — a meta-analysis. In S.P. Shohov (Ed.), *Advances in Psychology Research* (pp. 111–143). New Yhytfiork: Nova Science Publishers.
- 4 Yurchenko, M.A. (2008). Odinochestvo i uединenie [Loneliness and solitude]. *Gumanitarnye i sotsialnye nauki — The Humanities and Social Sciences*, (3), 40–47 [in Russian].
- 5 Svendsen, L. (Trans.). (2017). *Filosofia odinochestva* [A Philosophy of Loneliness]. Moscow: Progress-Traditsiia [in Russian].
- 6 Tsvetkov, Yu.L. (2003). Literatura Venskogo moderna [Literature of Viennese Modernism]. *Doctor's thesis*. M.: Moskovskii pedagogicheskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 7 Gete, I.V. (Trans.). (1982). *Zhas Verterdin azaptary: roman* [The Sorrows of Young Werther: a novel]. Almaty: Zhalyyn [in Kazakh].
- 8 Goethe, J.W. (n.d.). Die Leiden des jungen Werther [The Sorrows of Young Werther]. *gutenberg.org*. Retrieved from <https://www.gutenberg.org/ebooks/2527>.
- 9 Goethe, J.W. (n.d.). Wandrers Nachtlied [Wanderer's Night Song]. *gutenberg.org*. Retrieved from <https://www.gutenberg.org/cache/epub/8565/pg8565-images.html>.
- 10 Shopengauer, A. (2011). *Aforizmy zhiteiskoi mudrosti* [Aphorisms on the Wisdom of Life]. Moscow: Eksmo [in Russian].
- 11 Zhuravleva, T.P. (2018). Kontseptualnaia model fenomena «odinochestvo» (na materiale proizvedenii I.V. Gete) [Conceptual model of the phenomenon of “loneliness” (based on the works of J.W. Goethe)]. *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seriya: Lingvistika — Bulletin of the Moscow Region State University. Series: Linguistics*, (1), 80–89. DOI: 10.18384/2310-712X-2018-1-80-89 [in Russian].
- 12 Serl, Dzh. (1987). Priroda intentsionalnykh sostoianii [The nature of intentional states]. In D.P. Gorskogo & V.V. Petrova (Eds.), *Filosofia, logika, yazyk — Philosophy, Logic, Language* (pp. 96–126). Moscow: Progress [in Russian].
- 13 Fidarova, F.K. (2023). Poniatie «odinochestvo» kak kulturnaia transformatsiia lichnosti v kontekste krizisa natsionalnoi identichnosti v Germanii [The concept of “loneliness” as a cultural transformation of personality in the context of the crisis of national identity in Germany]. *Kultura i tsivilizatsiia — Culture and Civilization*, 13 (9A), 308–318. DOI: 10.34670/AR.2023.15.46.039 [in Russian].
- 14 Zhumagulova, G.A. (2008). Nemis romantizmindegi adamnyn ishki duniesi zhane Gete poeziiasy [The inner world of man in German Romanticism and Goethe's poetry]. *Candidate's thesis*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 15 Lermontov, M.Yu. (n.d.). Tema odinochestva v lirike [The theme of loneliness in lyrics]. *econfseries.com*. Retrieved from <https://econfseries.com/index.php/3/article/view/376> [in Russian].
- 16 Lermontov, M.Yu. (2010). *Stikhotvoreniia i poetry* [Verses and Poems]. Moscow: Eksmo [in Russian].
- 17 Kunanbaiuly, A. (2005). *Shygarmalar tolyq zhinagy* [Complete collection of works]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 18 Presidential Library. (n.d.). K 200-letiiu velikogo poeta prezidentskaia biblioteka predstavliaet unikalnuiu lermontovskuiu kollektsiiu [For the 200th anniversary of the great poet, the Presidential Library presents a unique Lermontov collection]. *prlib.ru*. Retrieved from <https://www.prlib.ru/news/658743> [in Russian].
- 19 Lermontov, M.Yu. (1988). *Sochineniia* [Works]. Vols. 1-2. Vol. 1. Moscow: Pravda [in Russian].
- 20 Nurgaliev, R.N. (Ed.). (1995). *Abai: entsiklopediia* [Abai: Encyclopedia]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 21 Myrzakhmetov, M. (1994). *Abai zhane Shygys* [Abai and the East]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 22 Lotman, Yu.M., & Gasparov, M.L. (1996). *O poetakh i poezii: Analiz poeticheskogo teksta* [On Poets and Poetry: Analysis of the Poetic Text]. Saint Petersburg: Iskusstvo-SPb [in Russian].
- 23 Abai i Lermontov [Abai and Lermontov]. *semeylib.kz*. Retrieved from https://semeylib.kz/?page_id=1015&lang=ru [in Russian].

24 Krishtop, I.S. (2015). Motiv odinchestva v lirike E. Millei i K. Buiko [The motif of loneliness in the lyrics of E. Millay and K. Builo]. *Vestnik Polotskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya A: Gumanitarnye nauki — Bulletin of Polotsk State University. Series A: Humanities*, (10), 91–94 [in Russian].

25 Omry, K., & Reese, S.V.H. (2022). Blue Notes: Jazz, Literature, & Loneliness. *American Literary History*, 34 (2), 773–775. DOI: 10.1093/alh/ajac041.

Information about the authors

Aimukhambet Zhanat Askerbekovna — Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: a_zhanat@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

Nurgali Rauan Rakhmetovich — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: nurgalir_999@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2004-3272>